



Бисен ЖҰМАҒАЛИЕВ

1945

2005

1 2006
65 10к



Қазақтар Ленинград майданында

Бисен ЖҰМАҒАЛИЕВ

Қазақтар Ленинград Майданында

**“Елорда”
Астана – 2005**

Қазақтар Ленинград майданында.

Құраст.::

Бисен Жұмабалиев

Астана: Елорда, 2005. — 184 бет.

ISBN 9965-06-391-5

Ұлы Отан соғысының тарихында ерекше орын алғатын Ленинград шайқасының жеңіспен аяқталғанына 60 жыл толды. Нева жағасындағы үш қала от пен оқтың арасында 900 күн болған-ды. Оның қорғаушылары аштықтың да, қатал соғыстың да азабын бастап кешірді, бірақ берілмеді. Еріктің, кайсарлықтың бұрын-сонды болмаған үлтісін көрсетті, жұмыстеліп, арқыраган арыстандай алысты.

Осындай, жан алысып, жан беріскең айқасқа қазақтар да қатысты. Білек түріп, кеуде тосып, қаһармандық көрсетті. Солардың қак ортастыңда болған, сол кездегі майдан шебіндегі тілші, соғыстан кейін белгілі шария қайраткері болған, запастағы полковник, бұл қундері 80-нің есіліріндегі Бисен Жұмабалиевтің жазбаларын алдарыңызға тартамыз.

K 0503020905-330
—
450(05)-05

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-06-391-5

© Жұмабалиев Б., 2005

© “Елорда”, 2005

СОФЫСҚА АТТАНУ

1942 жылы қаңтардың аяғында майдандағы армияға аттануға жолдама алды.

Ол кездегі мекеніміз — Батыс Қазақстан облысы Тайпак ауданының Сайқұдық ауылы болатын. Әкем қой бағатын да, шешем қой фермасының менгерушісі еді. Қыстың қатты, шөптің тапшы болуына байланысты әкем Тілеген деген ақсақал екеуі қой бағып далада күркө тігіп отырган.

“Жолың болсын шырағым, жауды женіп, аман орал!” — деп екі карт мандаймынан иіскең мені аттандырып салды.

Ақпанның бірі күні 8 адам Оралға жол тарттық. Қасымдағылар 40-45 жастағы, егде тартқан жігіт ағалары.

Ол кезде машина жоқ. Колхозда колік те азайған. Бізге ең мықты деп, осыдан бір жыл бұрын жылқы зауытынан әкелінген айғырды жектірген. Әлі ссімде озі өте ірі (дончак), бір қызығы түсі өрі молдір қара, оның үстіне тас бүйра болатын. Соған жеккен шанаға толтырып шоп тиеп, оның үстіне азық пен киімдерімізді салып, жолға шықтық. Әрине бәріміз, қалың қарға омақасып, жаяу жүреміз.

Бірінші келіп қонған жер “Курайлы сай” болды. Сол жылы күзде “Базартобе” машина-трактор станциясы кошіп келіп, осында мекендей болатын. Бірден козге түскені — қылышылдаған аязда болашақ механизатор қыз-келіншектердің тракторларды жөндеп жатқаны еді.

МТС-тің директоры ол кезде жас, қажырлы Тыныс Жұмалиев майданға аттанған біздерге шын ишарат білдірумен қатар, тылдағы жұмыстың бұрынғыдан әлде-қайда қызын болатындығын айтты. “Әттең, майданға барып, жауды тікелей жойқандауға не жетсін, амал не, қаша сұрансам да, билікті орындар жібермей түр”, — деп Қынжылып та алды.

Екінші күні жеткен жеріміз “Аққұдық” болды. Мұнда қонып, таңертен жүргелі тұрсақ, қос ат жеккен шана келип тоқтады. Қарасақ, Тайпак аудандық Совет атқару комитеті председателінің орынбасары Ермекқали Серікбаев жөнө

аудандық газеттің редакторы Қожахмет Байғазиев. Олар да майдандағы армияға кетіп барады екен. (Мұны айтып отырғаным, соғыс біткесін 1945 жылдың күзінде, демалысқа келсем, Ермек аға да келіпті, шүйіркілесіп қалдық. Оралдан елге бірге жол тарттық. Майданға бірге аттанып, жауны жеңіп, бірге келгеннен артық қуаныш болар ма!) Сонымен жетінші күн дегенде өзер деп Оралға келдік. Бір күн жинақ пунктінде болдық та, түнде вагонға отырдық. Ызырық сұық, қызыл вагонның ішінде қыздырғышы да жоқ. Түнімен, күнімен жүріп, кешке қарай “Тұзтобеге” (Соль-Илецк) келдік.

Күн сайын соғыс өнерін үйренеміз, мылтық ату, пластина еңбектеу, окоп қазу, тағы басқалар. Біз Сейтім Хабжалелов екеуіміз солдаттыз, татар үйінде түрдүк. Екі болмелі шағын осы үйде бізден басқа үш политрук түрді. Олардың бірі Урайский дейтін татар ақыны еді. Әскери оқудан әбден шаршап, түнде келісімен шинелімізді жамылып үйқыға кетеміз. Анда-санда біздің командирлер гармоньға қосылып өлең де айтып қояды, бірақ біздің үйқымызды бұзу қын еді. Себебі бұрын жаттықпаған денеге түскен ауыр салмақтың жүгі — әскери ойын тым қалжыраттын.

Наурыздың ортасында бізді эшелонға отырғызып батысқа жонелтті. Куйбышев, Пенза, Ярославль, Вологда өттік. 15 күн жүріп бір көлдің жағасына келіп эшелон тоқтады. Бақсақ, бұл Ладога колі екен.

Күн батысымен автомашиналарға отырғызып, көлдің үстімен алып отті. Айнала кок су, мұздың озі көрінбейді. Машинаның донғалағы суды есіп келеді. Белшесінен суға батып түрған солдаттар әрбір 200 метр сайын бар. Олар жол сілтеушілер екен. Анда-санда қызыл фонарь көрініп те қояды. Сонынан білдік, ол жер бомба түсіп, ойық болған. Оған жолаған машина су түбіне кете барады.

“Тіршілік жолы” деп аталып кеткен бұл трассаны салушылар ерліктің, жанқияр табандылықтың үлгісін көрсеткен. Ондай құрылыш бұрын-сонды тарихта болмаған екен. Кілден отіп, машиналардан түсіп жатқан бізге, жүргізуіш былай деді: “Сендерді құдай сактады!”.

Немістердің аэродромы осы жерден небәрі 30 километрде орналасқан. Бомбага, не зенбірек оғына ұшыраспаған

бірде бір автомобиль жүргізуші жоқ шығар, немесе 30-40 градус сүйкта суға батып-шықпағаны және жоқ. Немістер осы сіздер откен жолды “өліктер коридоры” деп атапты. Ал жаңағы оздерін көрген жол сілтеушілер, белшелерінен суға батып тұрган қыздар.

Таң ата қалың орманның ішіндегі бос жер үйлерге тынығуға тоқтадық. Сол күні қонып, ертеңіне рота-ротаны қатар тұзетіп, алып жүрді. Жүріп келеміз, жүріп келеміз. Тұс ауған кезде қалаға келіп кірдік.

Ұлы Ленин қаласына келгенімізге, оны көруге қуанғанымыз соңдай, ұзақ жолдан шаршағанымызды ұмытып, бір жігерленіп, кунап қалғандай болдық. Зәулім де, сәнді үйлерге қарап, таңдаймызды қағамыз: шіркін қандай шеберлер салды екен. Көп ұзамай, қабырғалары қарс айрылған, тобелері орталарына түскен ғимараттар да кездесе бастады. Көшеде адамдар өте сирек. Анда-санда қарындары қабактай қарттарды, әйелдерді көреміз. Жүрулері тым баяу, аяқтарын өрең қозғайды. Кейіннен білдік, бұлар аштықтың зардабын көп тартқан, өлімнің табалдырығынан қалған жандар екен.

Үйлердің қабырғаларында ленинградтықтарды ерлікке, табандылыққа, жауға тойтарыс беруге шақырған ұрандар көп екен. Бір үйдің жанында қолында домбыра ұстаған ақсақал адамның суретін көрдік. Жақындал қарасақ, Жамбыл ақын. Үлкен суреттің астында ленинградтықтарға арналған айбарлы да, қанатты сөздер:

Анасындаій даланың,
Өзендердің алабын
Байқағанда байыптаپ,
Бейнесін көрем Неваның...
Ленин атты қаланың
Қорғап құрыш алабын,
Бұрқана тұс, балаларым
Сөүлдеттім, сөнім-айбарым.

Жәкеңнің шабытты да, ерлікке шақырған осы жолдары ел намысын, қазақ халқының батырлық ожданын жоғары ұстауға бағыттады бізді.

Осы эшелонмен келгендер негізінен қазақтар едік. Кобі Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарынан болатын.



Бір ауылдан 10-15 жауынгерде саналып қалатын. Ағайынды жігіттер, тіпті өкесі мен баласы да жиі кездесетін. Дегенмен көбі егде тартқан, 40-тан асқан жігіт ағалары еді.

Атағы әлемге әйгілі Пулково обсерваториясы тұрған жотаның арғы етегіндегі алғы шепке барып орналастық. Бұл Ленинградта еріктілерден жасақталған 13-дивизия тұрған жер екен.

1941 жылдың күзінде қалаға кіруге жанталаса үмтылған фашистермен сұрапыл соғыс осы арада бол-

ған. Осы жотаны алса жаудың жұдырығы астында ұлы қала түгел қалатын еді. Мысалы Киров заводынан бес километр. Осында болған көп шайқастың бірінде майдан қолбасшысы маршал К. Ворошилов винтовканы ұстай сала жауынгерлерді атакаға өзі бастаған. Нәтижесінде жау тойтарылып, Пулково биіктігінен әрі жарты километрге ығыстырылған.

Ленинградтықтар бізді жылы шыраймен қарсы алды. Ротамыздың көбі қазақ болған соң болар, командиріміз М. Хасаншин деген татар жігіті болды. Политруктың орынбасарлығына мені тағайыннады. Үгіт-насихат жұмыстарын қазақша жүргізуге тырыстық, өйткені жауынгерлеріміздің басым көшілігі орысша білмейді де, түсінбейді. Бірде біздің ротаға дивизияның комиссары келіп, ұзақ әңгіме өткізді.

Ленинград майданына биыл көп қазақ жауынгерлері келді, — деді комиссар, — олар өте қаһармандықпен соғысада. Ерлік істерімен, адап да, ақжарқын мінездерімен, бұйрықты тез де, бұлжытпай орындауға сай тұратындықтарымен командованиеңің алғысына ие болып жүр. Қазақстан Ленинградқа көп көмек көрсетуде. Аштықтың ең ұлғайған кезінде ақпан айының ортасында Қазақстанның 134 вагон азық-түлік алып, делегация келді. Ленинградтықтарға жолдаған сәлемінде қазақ халқы былай деп толғаныпты: “Пусть эти подарки напомнят Вам, что наши

мысли, наши лучшие чувства всегда с Вами. Примите наши подарки как братскую помощь, как желание сделать все, чтобы ускорить победу над врагом. Джамбул отправил с земляками свое второе (первое было получено в 1941 году) стихотворное послание Ленинграду:

Славный город, наш дар прими,
 Будь им сыт, а врагов громи
 И свинцом их нашим корми.
 Перед тобой, согвен и сутул
 Низко кланяется Джамбул.
 Я, чей волос снега белей,
 Говорю: победу ускорь
 Прорубись в просторы морей,
 Город красных Ленинских зорь
 Город советских богатырей!

Қазақтардың азық-тұлік көмегі де, Жамбылдың екінші үндеу-өлеңі де қоңілімізді көтеріп, рухтандырып тастады, — дейді комиссар. Бұл жөнінде барлық өскери бөлімдерде саяси жұмыстар жүргізілді, газеттер мақала берді, қазақ халқына алғысын айтып, жазылған хаттардың өзі қаншама.

Софыстың ауыр да, азапты да тіршілігіне тез көндік десем артықшылық болар, дегенмен біздің ағайындар шыдамдылық пен асқан төзімділік көрсетті. Солдаттардың қарны аш, жалаңаш халінің үстіне, қорғаныс үшін қазылған ордың іші суға толы, ызғарлы түн, ылғалы мол Ленинград ауасы жазира далада құрғақ та жұпар иісті ауаға үйренген қазақтарға біраз ауыртпашилық әкелгенмен, олардың қажырын мұқата алмады.

Ленинград тубінде ол кезде ең басты міндет — фашистерді қайткенде де қалаға кіргізбей болды. Сондықтан ұлы қаланың нағыз өкпе тұсында тұрған біздің участкамызға ең жауапты міндеттер қойылды. Түн қаранғылығын жамылып, барлауға барып журдік. Көбіміз, ұқыпты жасырынып жатып, жау торымыз, мерген болғандарымыз да аз емес.

Софыстың аты соғыс. Құрбансыз болмайды. Бірінші шәйт өзіміздің ауылымыздан барған Қуаншали деген ағамыз бол-

лы. Ойда жоқтан бір самолет келді де бомба тастанды, сонын жарқыншағынан қансырап, кетті де барды. Құн сайын өлденеше рет келіп түсетін зеңбірек оғы да оңай тиген жок. Біргіндеп, тобымыз сирей бастады, жараланғандарды госпитальге жөнелтіп жаттық.

Софыс қорқынышты ма деп үрайды жастар, ардагерлермен кездесулерде. Әрине қорқыныш болады. Шынында қорықпайтын пенде жок. Қорқынышты да, үрейленуді де ақыл-парасатпен қоса парыз жеңеді, намыс жеңеді. Махамбеттің сөзімен айтсақ, егестік те, жұлыстық та, жанжалдастық та, қырылдық та, бірақ намысты қолдан бермедік.

Елден бірінші хатты алты айдан кейін алдық. Бәріміз жабылып оқимыз. Менің қасымдағылардың қебінің саяты аз, бәріне хатты мен жазып беремін. Солардың біреуін алдарыңа ұсынамын.

АУЫЛҒА ХАТ

Ау, жерлестер, қымбатты ауылдастар! Сіздер Мәтіш Бұркітовты жақсы білесіздер. Тайпақ ауданындағы Қурай-лысай ауылында ұста болып істеген Мәтіш бүгін Ленинград қаласын қорғауда. Ол маған шын көңілінен, сырын баілай актарды.

— Артында үйің, туған-туысқаның, туып өскен жерің қалғаны қыын екен. Мені әскерге аттандырып жатқанда, “сен бізді ұмытпа, Мәтіш, қашанда есінде сақта” деген еді, келіншегім Жамал, кішкентай Әbdіхадірімді көтеріп тұрып. Жамалдың осы сөздері жатсам да, тұрсам да, қарауылға барсам да, есімнен шықпайды. Мен үш жастағы Әbdіхадірімді кеудеме қысып тұрып, “өс, ер жет, қарағым, өкең сені қасық қаны қалғанша қорғайды, көрісерміз жеңіспен”, деген едім.

Ал жерлестер енді мен сөйлейін. Мәтіш қалай соғысып жүр дейсіз ғой. Айтайын:

...Ленинградтың сүйк таңы. Біздің Мәтіш тұман торлаған далаға жіті қарауда. Көз алдына Жамалы мен Әbdіхадірі селестейді. Қандай халде. Сағынышы да бар. Оның үстінен кеңие ротаның саяси жетекшісі келіп, жауынгерлерді жишип, Петров деген әскердің елінен келген хатта айтылған жөйтті мүлдем ұмытар емес.

Петровтың қайғысы қандай ауыр. Оның өйелін немістер обден масқаралаған, содан кейін емшегін кескен, мұның бәрі аз деп үстіне керосин төгіп өртеген. Жауыздар Петровтың төрт жастағы қызын аяғынан сүйреп, қазулы тұрган орға салып тірілей көмген. Қандай сүмдыш, жауыздық.

Егер Мәтіш неміс хайуандарын олтірмесе, олар Жамал мен Әbdіхадірді Петровтың семьясындағы қорлауы мүмкін. Сондықтан немісті өлтіру керек. Оның ойы осындай.

...Күн шығып келеді. Немістер өзірге көрінбейді. Мәтіш дүшпан шебі жақтан көз жазбауда. Қырағы көз жау қимылын көрмей қояр ма сірә. Міне фашистер ор ішінде ақырынғана келе жатыр. Олар 50 метрдей жердегі қабақта шыға келді. Мәтіштің күткені де осы еді, қол пулеметінен уштөрт оқ жаудырып еді, бес фашист қалпақтай үшты. Ол уң деп демін бір-ақ алды. Енді олар ешкімді де өлтіре алмайды. Бұл залымдардың қанды қолдары жазықсыз жас бала-лар мен әйелдердің өмірін енді жоя алмайды.

Міне, біздің Мәтіш жаулармен осылай шайқасуда.

Құрметті, Жамал, балақай Әbdіхадір, осындай батыр кісіні мактанды етіңіздер. Оған толық правоның бар. Мактанды, сендер де жерлестерім!

20 шілде, 1942 ж.

ПУЛКОВО ЖОТАСЫНЫҢ ТЕРІСКЕЙ БЕТІ

Иә, жергілікті газетте жарияланыпты-ау бұл хатым. Жауынгер жанұясы және ауылдастарым қандай қуанды десенші. Осыған орай ауылдан көп хат алдым. Онда тылдағы бала-шаға, әйел-қарттардың ер еңбегі де баяндалған. Олардың дүшпанға деген ыза-кегі де айтылған. “Өлтіре соғындар сүмдарды! Хабарлап түр ерліктерінді елге! Ол бізге күш жігер береді”, деп жазыпты-ау, ағайындар.

Қой, енді мен қолым тисе, газетке де, ауылға да жылт еткен жақсылықты жазып тұрайын. Қолымдағы қаламды отты қүндерде осылайша ұштай, алғы шепкे кете бардым.

Себепсіз нәрсе жок. Жол жүрсе қыскарады, қанат ұшса қатаяды деген осы. Ұзамай-ақ, майдандық газетке шақырады.

МАЙДАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ГАЗЕТІ

1942 жылы тамыздың соңғы күндерінің бірінде ротамыздың саяси жетекшісі, менің тікелей бастығым Краюшкин алдағы шеттегі жауынгерлерді арапап жүріп, менің қасыма келіп тоқтады да, “сені дивизияның комиссары шақырып жатыр” дегені. Тез жиналып, тобениң аржағындағы штапқа бардым. Комиссар біздің ротада болғандығын, сонда коргендігін айта келіп, майдан өскери Советінің үйғаруымен орыстан басқа үлт өкілдерінен саяси қызметкер даярлауды ойладп, Ленинградта өскери-саяси училище ашқанын, оған курсанттар қабылданғанын, біздің ұсынысымызben сіз де солардың бірі екенін айтқалы шақырғанмын. “Жақсы оқып, дивизияға тезірек оралуына тілектеспін” деп, тұрып қолымды қысты.

Екі ай оқып та қалғанбыз, қазан айының ортасында, Пушкин оқка үшқан Черная речка жағасындағы ағаш үйлерді бұзып, қыскы отын дайындаған жүргенбіз, “Курсант Жұмабалиев училище бастығына тез жет!” — дейді бізден бірге жүрген командир.

Жүргімді қолыма алып жүгіріп келсем, училище бастығы полковой комиссар Мессманның қасында үш шпалды (старший батальонный комиссар) кісі отыр. Екі үлкен бастық неге шақырды деп қобалжудамын. Екеуінің де қабактары ашық, жайдары жұзбен отыруға рұқсат етті.

— Қызыл Армияның Жоғарғы Саяси Басқармасы Ленинград майданында қазақ тілінде газет шығаруды үйғарды, соған керек қызметкерлер іріктелуде. Қалай, әңгімелессейік, — деді старший батальонный комиссар. — Документтерінізben таныстық.

Жамбылдың “Ленинградцы, дети мои” деген өлеңін қазақша айтып бере аласың ба?

Мен айтып бердім. “Қазақшасы орысша аудармадан да биік, екпінді болар”, — деп қойды комиссар.

Қазақ жауынгерлері Жәкеңнің бүл өлеңін бәрі дерлік жатқа біледі, өлең біздің рухымызды котеріп, атамыздың ак батасы ретінде өрқашан есімізде жүреді, — дедім.

Сонымен майдандық “На страже Родины” газетінің жанынан қазақ тілінде шығатын газетке қызметке алындым. Біз үшеу болдық — Тұймебай Әшімбаев, Ақмұқан

Сыздықбеков. Үш кісіге газет шығару оцай шаруа емес. Оның үстіне олі бастығымыз жоқ.

Жаңа жылдың қарсанында бізге бастық болып аға політрук Абдолла Мадалиев келді. 40-тан асқан, егде тартқан кісі. Алматы обкомының жауапты қызметкері, Ленинградтағы жоғарғы партия мектебінде оқып жүргенде соғыс басталған соң армияға алынып, майданға аттандырғандардың бірі екен. Байсалды, салмақты адам. Бірақ газет шығару жайынан тілті хабарсыз. Әбекең орысша тұғіл, қазақша материалдарымызды қарап шығудан қашады.

Алғашқы кезде көп мақалаларымыз орысшадан аударылатын. Тек қана Ақмұқан жазған жауынгерлердің ерлік хроникалары сол күйінде жарияланатын. Бірақ оны редакторға корсету үшін Түймебай — орысша аударып шығатын. Айта кетейін, Ақмұқан бұрын колхозда есепші болған. Соғыстың басынан майданда, ысылған жауынгер, мерген, қажырлы да ыждағатты. Алғы шепке баруды ұнататын. “Өзіне жеке берілген” оптикасы бар мергендік винтовкасын ала кететін. Алғашқы шеп алыс емес, ол көбінесе жаяу жүретін. Ақмұқан бармаған Ленинград түбіндегі өскери болімдер жоқ десек қателеспейміз. Әрбір командировкадан келгенде, корген-білгендерін айтып таусыса алмайтын. Ақжарқын, қарапайым Ақмұқан майдандағы қазақ жауынгерлерінің ерлігіне қуанатын, біздің ағайындар туралы командирлерден, комиссарлардан, басқа үлт өкілдерінен жылы сөзден басқа естімегеніне мәз-мейрам болатын.

“Көш жүре түзеледі” дегендегі, 1943 жылдың ортасынан бастап, орысшадан аударып тек қана официозды басатын болдық. Қалған материалды өзіміз қазақша әзірлең, бұрын-ғыдай орысшаға аударып машақттанудан құтылдық. Майданның саяси басқармасының сеніміне не болдық. Біз өзіміздің ой-пікіріміз бойынша жұмыс істеуге мүмкіндік алдық. Ал осының бөріне Түймебайдың енбекқорлығы мен іскерлігі, жоғары лауазымды адамдар аллында өз пікірлерін тайсалмай айтатын білгірлігі себеп болғаны анық. Сойтіп газетіміз, ең алдымен майдандағы қазақ жауынгерлерінің өмірін жан-жақты корсетуге мүмкіндік алды, “Тұған Қазақстанда” деген әдейі болім ашып, елдің хабарларын кеңірек бере бастадық, қазақ ақынларының өлеңдерін, “ән үйренейік” деген рубрика (айдар) астында әр номерге ха-

лық әндерін беру дағдыға айналды. Мұның бөрі газеттің мазмұнын арттырып, оқырмандарымыздың көңілінен шығуға жол ашты.

1943 жылдың көктемінде А. Мадалиев бізден кетті. Бізге бастық болып Карим Усманов деген майор келді. Соғыстан бұрын Саратовтағы Чернышевский атындағы университетті бітірген, Астрахань облысының жігіті. Ұстамды, әскери істен өжептөүір тәжірибесі бар. Түсінісіп істей бастадық.

Күзге қарай бізге тағы бір жана қызыметкер келді. Ол Асылхан Тұрғанов. Соғыстан бұрын Қазақстанның совхоздар министрлігінің жоспарлау-экономика басқармасы бастығының орынбасары болған. Біздің ішіміздегі балалы-барандымыз осы Асекең еді. Қостанай облысының тумасы.

Сонымен бес кісі болып, көбейіп қалдық. Ақмұқан мен Асылхан тілші, майданның алғы шебіне барып, келіп жүреді. Екеуді де есепші, өкелген материалдары жалаң, статистикаға барабар, олардың бәрін редакциялайтын Түймебай екеуіміз. Әрине соғыс көріністері, жауынгерлердің іс-қимылдары біркелкі ғой, дегенмен Түймебай “жазып отырған кіслердің ішкі сырын, көңіл-күйін ашуға үмтүлмайсындар, әр адамның өзіне тән мінез-құлқына үнілмейсіндер” — деп отыратын. Редакцияның ішкі міннаты екеуіміздің мойнымызды. Дегенмен, Түймебай да, мен де анда-санда командировкаға шығып, көлемді, мазмұнды мақалалар жаздық.

1943 жылдың көктемінде барлық газеттерде қазақ халқының майдандағы қазақ жауынгерлеріне хаты жарияланды. Біздің майданнан жауап хатты әзірлеуді саяси басқарма бізге тапсырыпты. Екі-үш күннен соң майданның әскери советі қабылдаған хатымыз қолымызға тиіді. Қарасақ, ешбір өзгеріссіз екен. Қуанып қалдық. Енді хатты майдандағы қазақ жауынгерлеріне өз тілінде оқып, олардың мақұлданап, қол қоюын үйімдастыру үшін бәріміз алғы шепке жол тарттық. Редакциямыз тұрган жерден алғы шеп 5-10 шақырым болатын. Елге хат жазған ағайындарымыздың қуанышы қандай еді! Бәрінің көңілі көтерінкі, жауды жеңіп, елге ораламыз деген ойдың құшағында. Ленинград майдандағы қазақ жауынгерлерінің қазақ халқына хаты Ленинградтың барлық газеттерінде, “Социалистік Қазақстан”, “Казахстанская правда” газеттерінде жарияланды.

Соғыс уақытында тоғыз майданда қазақ тілінде өскери газеттер шығып тұрды. Олардың басқаларын қайдам, біздің Ленинградтың “Отанды қорғауда” газетіне “Социалистік Қазақстан” газеті байыпты шолу беріп, өте жоғары бағалады. “Қаламының желі, сөздерінің уыты, ыстық лебізі бар Т.Әшімбаев, Б.Жұмағалиев, А.Сыздықбеков сияқты қызыметкерлері бар” деп жазыпты. Көніліміз көтеріліп, машиқтанып қалдық. Майданның өскери советі де біздің еңбегімізді жоғары бағалады, үшеуіміз де “Қызыл жұлдыз” орденін алдық.



“Отанды қорғауда” газетінің редакциясында.

Солдан онға қарай: Совет Одағының батыры Жәлел Кизатов,

Акмұқан Сыздықбеков, Карим Усманов, Бисен Жұмағалиев,

Тұймебай Әшімбаев, Асылхан Тұрганов.

1944 жылдың күзінде майданның саяси басқармасының шешімімен Тұймебай Алматыға жол сапарға шықты. Бұл оның қажырлы еңбегін бағалап, елге барып келуіне берілген рұқсат еді. Газетіміздің барлық шыққан номерлерін жақсылап түптеп, Қазақстан компартиясының екінші секретары Жұмабай Шаяхметовке, Қазақ ССР Жоғарғы Советі президиумының председателі Абдысамат Қазақбаевқа, Қазақ ССР халық комиссарлары советінің председателі Нұртас Оңдасыновқа бір-бірден табыс етуді үйгартық.

Тұймебай Алматыда алдымен Жұмекенде болыпты. Ленинградтағы жағдайды, қазақ жауынгерлерінің ерлік істерін айтыпты. Хатшы жылы шыраймен қабылдап, Қазақстанның майданға керектің бәрін беріп жатқанын айттыпты, тапсырған газетіміздің түптемесін аздал ақтарыпты да, жақсы екен депті.

Әбекен де жақсы қабылдапты. Қазақ халқының бір доуірлеп түрған кезі, жігіттеріміз намысына дақ түсірмей аса ерлікпен соғысуда, ал тылдағыларымыз қажырлы еңбектің үлгісін көрсетуде, халқымыздың өдақтағы беделі бек жоғарылап кетті, — депті.

Нұрекен де жылы шыраймен өңгіме-дүкен қурыпты. Түймебайдың бір таңқалғаны “қандай бұйымтайың бар” деп сұрапты Нұрекен. “Ешқандай шаруамыз жоқ, Ленинградтағы қазак жауынгерлерінің ыстық солемін алып келдім гой, аға” дейді Түймебай. “Дегенмен құр қол жіберіп болмас, редакциядағы жолдастарыңа, келіп тұратын ағайындарға дәм беріп жіберемін, алып кетерсің”.

Нұрекеннің сөлемдемесінен көп қазақ дәм татып, мәзмейрам болды.

Осы кезде редакциямызға тағы бір қызметкер келді. Ол лейтенант А. Бақтыгереев. Әрине бұл қызметкесінде біз емес, майданың саяси басқармасы таңдал алған, шынында бізге онын керегі де аз еді, соғыс болса аяқталып келеді, женістің төбесі көріне бастады, қалыптасқан ұжымымыз бар. Қазекеме тән шынайы пікірмен “ой, бауырым” деп қошеметтеп жатырмыз.

Газетіміздің беделі көтеріліп, озіміздің де творчестволық шабыттымыз өсіп, жүріп жаттық. Жұмысымызға бастықтарымыз да дән риза.

Соғыс та бітті. Женіске жетіп, тәбеміз көкке көтеріліп, мәре-сәреміз. Газетіміз әлі шығып тұр. Алдымен Ақмұқан елге демалысқа кетті. Ақыраптың ортасында маған да демалыс берілді. Еліме барып, торт жыл сағынышпен күткен анамды, ағайын-туыстарды көріп, қуаныш құшағында жүрдім. Тек қана елу жасында армияға алынып, ешбір хабарсыз кеткен әкемді ойлағанда көніл күнгірттенетін. Псков-Новгород тоғайларының арасындағы сұрапыл соғысқа қатысқаны ғана белгілі.

Демалыстан келген кеште редакцияда жалғыз А. Бақтыгереев қана отыр. Түймебай, Ақмұқан, Карим ол кезде пәтер алғып, сонда тұратын. Редакция болмесінде Асылхан үшеуміз жататынбыз. Аманшылық сұрастырсам, селкос жауап қайтарады. Ашып ештене айтпайды.

Тынышсыздай үйіктап, ертерек тұрып Ақмұқанға бардым. “Ой сүмдүк болды ғой” деп күрсініп біраз отырып,

Карим, Тұймебай, Асылхан үшеуі тұтқында жатқанын айтты. Көзіне жас іркіліп, тамағын кеней береді. Мен есімнен танып қалдым. “Бұл қалай, не болды, айтсайшы” десем, үндемейді. Сойтіп отырғанда, есік қағылды, таныс капитан Фельд кіріп келді де. Ақмұқанға: “пройдемте со мной” дегені. Ексеі кете барды.

Жаңағы капитан Фельд А.Бақтыгересев пайда болған соң редакциямызға келе беретін болды. Өзін майдан саяси басқармасында істеймін деп таныстырыды. Бұрын кормеген бейтаныс, ете жылпос, иненің көзінен отетінің өзі. Бірле келгенінде қолында кішкене қара чемоданы бар-тын, “рұқсат болса тастап кетейін, ертең келіп алармын” дегені есіме түсে кетті. Қазір ойлаймын, сөз жазатын аппарат шығар. Оның жансыз екенін енді анғара бастадым.

Ертеңіне Ақмұқан редакцияға келді. Өні күнгірт тартқан, өшіейінде ақжарқын батырым өзіне тығызып, үндемейді. Сұрау да ыңғайсыз, А. Бақтыгересев отыр. Ақмұқан кеткен соң, А. Бақтыгересев “Отанды қорғауда” газетінің мен демалысқа кеткенде шыққан бір номерін әдейі көрсетіп, “осы үшін” дегені. Газеттің бірінші бетінде саяси бюроның мүшесі А.А.Андреевке БК(б)П Орталық Комитетінің құттықтауы. Ол 50 жасқа толған екен. Бірден журегім сұып қоя берді “Андреев” аршынды әріптермен терілген. Екі әрпі ауысып кетіпти.

Әрине, мақтандық емес, мен болсам мұндай техникалық қате кетпейтін еді. Газеттің бірінші номерінен барлық материалды өз қолымнан кошіріп (машина жок), терілгеннен соң гранкадан оқып, түзетіп, газет беті қалыптасқаннан кейін тағы ұқыпты оқып, басуға қол қоятынмын. Менің айтарлықтай қырағылық тәжірибем бар-ды.

Ойлаймын, бұл әдейі жасалған әрекет (provocation) сияқты. Сол номердің корректурасын оқыған А. Бақтыгересев екен.

А. Андреевтің фамилиясының екі әрлінің ауысып кетуі саяси қате, соны әдейі жіберген деген желеумен редактордың орынбасары Карим Усманов, жауапты секретары Тұймебай Әшімбаев, тілші Асылхан Тұргановты ұстап, тұрмеге жапқан. Редакцияда “қазақ ұлтылдарының үйімі құрылған, оны басқарушы үштік бар”, соны әшкереу үшін А. Бақтыгересіті біздің ішімізге енгізген, оның үстінен қарайтың капитан Фельд.

Біз саяси қызметкер деп жүрген Фельд үш әріптің тергеушісі екен. Ол Ақмұқаннан екі рет жауап алған. Одан ешкімге ештеңе айтпайсың деп қолхат та түсіріп алған. Мені ешқайда шақырған жок.

1945 жылдың аяғында Ленинградта үш жыл шығып тұрған қазақ газеті жабылды. Арыстай үш жігітімізді өске-ри трибунал жеті жылға соттап, айдан жіберді. Ішіміз тутін, көnlіміз жарты болып Ақмұқан екеуміз қала бердік. Соғыс бітті, қындыққа белшеден батсақ та аман қалдық, елге барып, бақытты өмір сүреміз деп жүргенімізде осын-дай қайғыға тап болдық.

Көп ұзамай Ақмұқан армиядан босап, Павлодарға кетті.

Мен 1947 жылдың мамырында ғана елге оралдым.

1954 жылдың июнін айында Алматыда іс сапармен жүргем. Ол кезде мен Оралда облыстық газеттің редакторы едім. Тұсте Калинин көшесімен келе жатсам, қарсы алдымнан Түймебай тап болды. Сенерімді, сенбесімді білмедім. Кәдімгі Түймебай, үстінде бұрынғы, ескі тартқан офицер френчі, аяғында етік, жалаңбас. Мені құшақтай алды, көзімізге жас айналды. Қасымызда “Лето” деген кафе бар екен, соған барып, әңгімелестік.

Бірталай лагерьлерде болып, әйтеуір Қазақстанға жеткеніме қуандым — дейді Түймебай. Лагерьдің азабына шыдай алмай, жадап-жүдеп жүріп, Карим мен Асылхан өліп қалыпты. Мен тірі қалдым, кескен мерзімін түгел өтеп шықтым.

Алматыға келіп бір отын мекемесінде есепші болып жүрмін, университетке сырттай оқу ойымда.

— Қандай айып тақты?

— Қандай болатын еді, осы қазақтар тым үйымшыл болды, жұмыстарына да берік деп күндеушілер болған бақайдам. Бізді “ұлтшыл” деп айыптады. “Қазақстанды, соғысып жүрген қазақтарды асыра мақтайдыңдар” деп жала жапты. Осының бәрін А. Бактыгереевтің қолымен үйимдастырыған. Бәріміздің обалымызға қалған, жойқын соғыстап аман шыққан Карим мен Асылханның өмірін қыршынынан қіған сол пәлекеттің арам пиғылы.

1956 жылдың жазында Түймебайдан хат алдым. Ол кезде Фурманов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы едім. “Жоғарғы сот маған жабылған айыптың жалған

екеңдігін анықтап, біржолата ақтады. Енді партиялығымды қайтып алу үшін Совет Армиясы Жоғарғы Саяси Басқармасының парткомиссиясына арыз бергенмін, олар білетін кісілерден кепілдеме сұрайды, мені сенен артық білетін кім бар, қорықпасаң сұрайтын бүйімтайым сол”.

Мен Түймебайдың барлық жақсы жақтарын айтып кепілдеме жаздым. Аққа кір жүқпайды деген ғой коммунистігін қайтарып алып, қуанып жазған хаты да келді.

Біздің азамат болып қалыптасуымызға Ленинградтың, оның аты Әйгілі мәдени орталықтарының, өсіресе аралас-құралас жүрген орыс журналистерінің, атақты ақын-жазушылар Николай Тихоновтың, Всеволад Вишневскийдің, Александр Прокофьевтің, Виссарион Саяновтың, Михаил Дудиннің шынайы ықыластары ерекше ықпал жасағанын айтатын едік. Ленинградта өткізген жылдардан алған рухани азық омірімізге арқау болды.

1947 жылдан Ленинградқа жол түспеген. Көкшетауда істеп жүргенде бір күні открытка келгені. “Мүмкін сіз басқа Жұмағалиев боларсыз, онда кешіріңіз. Маған керек Бисен Жұмағалиев, Ленинград майданында шығып тұрған қазақ газетінің қызметкери. М. И. Гордон”. Біздің редакторымыздың қолтаңбасы, көзіме оттай ұшырады. Хат жібердім. Максим Ильич көптен бізді іздейді екен. Ленинградқа Қазақстаннан барған бір орыс журналисіне кездесі соқ тап болып, әңгіме арасында бізді сұрапты. Әлгі журналист: “Жұмағалиев Көкшетау обкомында істейді, мүмкін сол болар”. Осылай қартайған шағында бізді тапты. “Невский, 2” деген кітап шығарды, онда Түймебай, Ақмұқан үшеуміз туралы біраз жылы сөздер айтылған.

1975 жылы жол түсіп Ленинградқа бардым. Максим Ильичпен көп әңгімелестік. Соғыс біткен соң оның тағдыры да өкінішке толы болыпты.

1951 жылы атышулы “Ленинград ісі” пайда болды. Соғыс біткесін өткізілген жәрменкеде сан алуан шашпашилық болды деген лақапқа орап, кезінде Ленинградтың басшылары болған СССР Министрлер Советі Председателінің бірінші орынбасары А. Вознесенскийді, СОКП орталық комитетінің секретары А. Кузнецовты, Ленинград обкомының бірінші секретары Попковты атып жіберді. Олардың

сыбайластары деп көп адам үсталды. А. Кузнецовқа жаңындау деп “На страже Родины” газетінің редакторы, полковник М. И. Гордон сегіз жылға сотталып, Қарағандыда шахтада істепті.

— Қазақ газетінің қызметкерлерінің беделі жоғары болды, сіздердің ұйымшылдығының, ауыз бірлігіңіз (Бактыгереевтің қылығын қайдан білсін), іскерлігініз, қашанда көнілді жүретіндеріңе қызыға қарайтынбыз — деді М. И. Гордон — Басынан откізген қыыншылыққа мойынмай, Тұймебай университет бітіріп, екі диссертация қорғап, экономика ғылымының докторы, академик дәрежесіне ие болғанына өте қуандым. Ол жасынан алғыр, терең ойдың адамы еді. Ең жасы, сен де өжептәуір өсіпсің, обком секре-тарына дейін көтеріліпсің, кеудене бірталай орден тағыпсың. Ал Ақмұқан да беделді болыпты, көп жыл үлкен совхоз парткомын басқарған көрінеді. Мен өз шәкіртерімнің осындай ірі де жауапты лауызымға ие болғанын мақтан етемін. Өмір жолдарың дұрыс болған, — деді.

ЛЕНИНГРАДТЫҢ ҚОРШАУЫН БҰЗУ

1943 жыл

11 январь. Біздің әскерлер Неваның жағасындағы талдың арасына келіп орналасты. Сол күнгі кеште жауға берілмекші соққының тарихи маңызы айтылған бұйрық оқылды... “Волхов майданы әскерлерімен ең бірінші кездескендердің даңқы асып, мерейі үстем болсын!” — дөлінген бұйрықтың сонында.

Неваның ар жағы биіктеу келген жар. Немістің бұл жерді иеленгеніне бес жүзге жуық күн өткен. Осы уақыттың ішінде олар аса күшті бекініс шебін құрып, соғыс құралжабдығын да үстемелеп алған. Бұл жер Ленинградты “Үлкен жерден” бөліп тұрған участок еді, сондықтан да немістер бұл араға тандаулы әскерлерін әкеліп, бекіністерін үсті-үстіне күшетіп, ерте ме, кеш пе, әйтеуір ұзамай болатын үлкен айқасты күткен болатын.

Таңертенгі 9 сағат 10 минутта жаудың қорғанына біздің артиллерия оқ жаудырды. Танкке қарсы ататын зенбіректерден бастап, снаряды тоннадан асатын линкорлар зенбірегінің атқан оғынан жау қорғанысының талқаны шықты, жер солқылдады.

Осындай күшті, жаудың басына өлім оғын сепкен артиллерия дайындығы екі сағат жиырма минутка созылды.

Бұл кезде жаяу әскерлер шыдамсыздана жауға бассалуға бұйрық күтіп отыр еді. Міне енді көптен күткен минут та жетті. Шабуылға белгі берілді. Бұл белгі — Ленинградты “Үлкен жермен” өмірлік байланыстыру үшін берілген сигнал еді. Жауынгерлер окоптарынан ұшып-ұшып тұрып, үйымдастасқан түрде жау қорғанына қарай алға ұмтылды. Олар көз ілесспес тездікпен Неваның мұзынан өтіп, арғы бетке шыға келді. Шабуылдың екпіні өте күшті болды. Кейбір жауынгерлер, тіпті, жараланғанына да қарамастан ұрыс даласынан кетпеді.

— Ленин қаласы үшін алға! — деген ұран бүкіл аймақты жаңғырықтырды. Осы ұранмен жауға тап берген бөлімдерде көптеғен қазақтар болған еді.

Қызыл әскер Сұлтанғұловтың танкке қарсы ататын зенбірек расчеті асқан батырлықпен қимыл жасады. Олар жаяу әскерлермен бірге жылжып, атқыштарға кедергі жа-

саған дүшпанның оқ ату нүктелерін жойып отырды. Екі күн ішінде бұл расчет дүшпанның 4 дзотын және 2 пулемет үсын адамдарымен жойып жіберді. Ұрыстың төртінші күнінде расчет тағы да дүшпанның 2 дзотын жойды және екі қарсы шабуылын тойтарды. Зенбірек жанында командир Сұлтанғұлов пен көздеуші Қасымбаев қалды, басқалары қатардан шықты. Бір мезетте немістің снаряді тиіл, зенбірек істен шықты. Тек осы кездे немістер қарсы шабуылға шықты. Сұлтанғұлов пен Қасымбаев жақын жерде қалған неміс зенбірегін көрді де, төзінен соған жүгіріп барды. Зенбірек бұзылмаған еken. Екі ержүрек жауынгер немістің зенбірегінен жаудың өздеріне аяусыз оқ жаудырыды. Сөйтіп, жаудың кезекті қарсы шабуылы тағы да тойтарылды. Бұл екеуі де “Қызыл жұлдыз” орденімен наградталды.

Лейтенант Ағыбаевтың взводы жатқан участокке жаудың бір батальонға жуық солдаттары шабуылға шықты.

Немістер өбден жақындағанда, Ағыбаевтың командасымен жауынгерлер қарудың барлық түрінен оқ жаудырыды. Көп немістер қырғынға үшінады, дүшпанның қалған тобы өліктерін басып, ілгері жылжи берді. Осы уақытта Ағыбаев оз жауынгерлерін қарсы шабуылға бастады. Ұрыстың сонында лейтенант Ағыбаевтың жауынгерлері дүшпанның 30 солдаты мен офицерін өлтіріп, 1 солдатын тұтқынға алды. Ағыбаев үрыс даласында “Қызыл жұлдыз” орденімен наградталды.

Ефрейтор Қожахмет Абайділданов осы соғыста, дүшпанның жаңбырдай жауып тұрған оғына қарамастан, немістердің жерүйіне кіріп барып, граната лақтырып, автоматтан оқ жаудырып олардың тортеуін жер жастандырыды.

Жауынгерлердің алға басуына дүшпанның батареясы кеселдік келтірді. Қызыләскер Кузнецов екеуіне қалайда оның үнін өшіруге бүйрық берілді. Жасырынып, енбектен жаудың желкесіне шығып, гранаталарын лақтырып, “Уралап” айқай салды. Қоршауда қалдық па деген немістер қаша бастады. Біздің әскерлердің де келуі жылдам болды. Дүшпанның үнсіз қалған екі зенбірегі олжаға түсті. Ол Қекшетау облысының түлегі.

Қызыл әскер Қотыразбай Арғынов Шлиссельбург үшін болған үрыста ерлік көрсетті. Кошеде болған үрыста ол,